

## Пайдақорлық қылмыстылығының теориялық мәселелері

Г.М. Атаханова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Аннотация.** Бұл мақалада пайдақорлық қылмыстылығының теориялық мәселелері қарастырылады.

**Тонау.** ҚК-нің 178-бабының 1-бөлігінде тонау мүлікті ашық түрде өз меншігіне алу деп анықталған. Ашық түрде тонау айыптының мүлікті жәбірленушіден немесе өзге адамдардан жасырмай иеленуін білдіреді. Қылмыстың ашықтығын анықтау кезінде субъективті де, объективті де критерийлерді ескеру қажет. Мына жағдайлар тонау болып табылады: біріншіден, мүлік айыптының әрекеттерінің құқыққа қайшы екендігін білетін жоғарыда аталған адамдардың көзінше ұрланса және айыпты осы жағдайды біліп отырса; екіншіден, ұрлық айыптының әрекеттерінің құқыққа қайшы екендігін білмей отырған иеленушінің немесе өзге адамдардың көзінше жасалып отырса, бірақ айыпты мүлікті ашық түрде алып отырмын деп қателессе; үшіншіден, мүлік айыптыға қарсыласуға, оны әшкерелеуге ниеті жоқ өзге адамдардың көзінше алынып отырса, бірақ айыпты көріп отырған адамдардың мүлікті алуына кедергі болғысы келмей отырғанын білмесе [1, 124 б.]. Тонау кінәлінің билік етуге мүмкіндігі бар болған жағдайда оны иелену сәтінен бастап аяқталған болып табылады.

Ұрлық ретінде басталған әрекет кейіннен мүлік ашық түрде алынып немесе ұсталып отырса, тонауға айналып кетуі мүмкін.

ҚК-нің 178-бабының 1-бөлігінде тонау кейде күштеусіз жасалады. Алайда ҚК-нің 178- бабының 2-бөлігіндегі қылмыстық заң жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен немесе осындай күштеуді қолдану туралы қорқыту арқылы тонау жауапкершілікті қарастырған. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күштеу деп салдары денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе еңбекке қабілеттіліктен аз уақытқа айырылуына алып келген ұрып-соғуды, басқа күштеу түрлерін қолдануды немесе денесіне жарақат тигізуді айтады.

**Қарақшылық.** ҚК-нің 179-бабының 1-бөлігінде тонауға мүлікті тікелей иелену мақсатымен жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті күштеуді қолдану немесе осындай күштеу қауіпінің төнуі деген анықтама берілген. Осы анықтама бойынша, объективті жағынан қарақшылық мүлікті тікелей жәбірленушінің еркіне қарсы алуға бағытталған күштеудің қолданылуын немесе осындай күштеу қорқыту қауіпін білдіреді. Құрылымы бойынша қарақшылықтың құрамы ықшамдалған (формалды) болып табылады. Физикалық немесе психикалық күштеу тікелей жәбірленуші тарапынан мүліктің алынуына ықтимал қарсыласуын басуға бағытталған жағдайда, күштеу қолданылған немесе күштеу мен қорқыту сәттен бастап қарақшылық құрамы аяқталған болып саналады.

Кінәлі шын мәнінде күштеуді қолданған немесе жәбірленушінің өміріне я денсаулығына қауіпті күштеуді қолдану туралы қорқытқан жағдайда қарақшылық құрамы орындалған болып табылады. Осындай күштеу қатарына мыналар жатады: салдары денсаулықтың қысқа уақытқа бұзылуына немесе еңбекке қабілеттілігінен айырылуына алып келген жеңіл жарақаттан бастап ауыр жарақатқа немесе өлімге әкеп соққан болса. 179-баптың 3-тармағы бойынша күштеу немесе қорқыту иеленушіге (иесіне) қолданылған жағдайда да, олар мүліктің алынуына немесе ұсталуына қарсыласа алатын кез-келген тұлғаға қолданылған жағдайда да қарақшылық орын алған болып табылады.

Қарақшылық екі объектілі күрделі қос объектілі қылмыстар қатарына жатады. Онда бөтен меншікке ғана емес, жәбірленушінің өз басына қастандық жасалады. Шабуылға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті күш қолданылады.

«Шабуыл» термині жәбірленушіге кенеттен,

ойламаған жерден физикалық қысым жасаумен байланысты. Шабуыл кенеттен болғандықтан жәбірленуші өз мүмкіндігінше тойтарыс беру қабілетін жоғалтады немесе үшінші адамның көмегіне жүгіне алмайды, себебі күш көрсету әрекеті табан асты туындайды. Қарақшылықта зорлық пен мүлікті иемдену бір уақытта жүзеге асырылады. Күш қолданусыз шабуыл жасау мүмкін емес.

Адамның дене құрылысына және физиологиялық жағдайына тіптен әсер етпейтін немесе шамалы ғана әсер ететін қалыпты қызметін бұзбайтын әсері күшті және есеңгірететін заттарды ағзаға енгізу, ол заттардың денсаулыққа және өмірге қаншалықты қауіпті екендігіне байланысты, тонау немесе қарақшылық ретінде сараланады.

Қарақшылық кезіндегі шабуылды кең мағынада түсіну керек. Ол жәбірленушінің жеке басына кез келген нысанда күш көрсетіп әсер етумен сипатталады, нәтижесінде оның өміріне немесе денсаулығына қауіп туады.

Зорлықтың жалпы мазмұны қайсыбір адамға заңға қарсы қандай да бір күш қолдануда жатыр. Жалпы қабылданған пікір бойынша күш қолдану адамның дене бітіміне және психикасына жасалған зорлық деп бөлінеді. Осыған байланысты отандас ғалымымыз Е.О. Алаухановтың пікірінше: зорлық қылмыстылықтың түбірінде «зорлық» сөзі жатқанымен де қазіргі ұғымымыздағы зорлық қылмыстылығының негізін зорлық қана емес, күштеу, күш қолдану да құрайды деп пайымдаған [2,10 б.]. Дене бітіміне зорлық дегеніміз – жәбірленушінің ағзасына, сыртқы және ішкі органдарына, оның еркімен санаспай, механикалық құралдармен, сондай-ақ химиялық және электр құралдарымен де жасалған әртүрлі қоғамға қауіпті заңсыз әсер. Зорлық өмірге қауіпті ме, жоқ па анықтау үшін сот істің барлық мән-жайын ескеруге тиіс: қылмыс жасау құралын, көрсетілген зорлықтың сипатын, жәбірленушінің жанды жерінің жарақаттаған, алған жарақатына жәбірленушінің психикалық көзқарасын, сот-медициналық сараптаудың қорытындысын және тағы басқаларды. Бұл аталған мән-жайларды сот зорлықшының өмірге қауіптігін анықтау кезінде де ескеруге тиіс.

1988 жылғы 1 шілдедегі Денсаулыққа зиянның ауырлығын сот-медициналық тұрғыдан бағалаудың Ережесіне сәйкес салған кезде тікелей өмірге қауіп төндіретін дене жарақаты да, патологиялық жағдай да өмір үшін қауіпті деп танылады. Оған мидың, жүректің жарақат

алуы, ірі қантамырларының көп қан кетуі, тағы басқа жатады. Өмір үшін қауіпті деп, сонымен қатар, өмір және денсаулық үшін маңызды болып табылатын органдар мен орталықтардың бүлінуі де саналады, атап айтқанда, бас сүйекке, төске және қарынға, жұлынға өткен жарақаттар, жеңіл болса да ішкі органдардың бүлінуі, өмірге қауіп төнетін жағдайға әкеп соғатын жарақаттар (клиникалық естен тану, коллаж, қан жоғалту, май эмболиясы). Жарақаттың қауіптілігін бағалағанда адамның емделгеннен кейінгі жағдайы емес, жарақат алған кездегі жағдайы ескеріледі.

Қарақшылық кезінде, көп жағдайда, денсаулыққа нақты қауіптілік төнеді. Бұл мән-жай едәуір мөлшерде зорлықтың жасалуы тәсілімен анықталады. Мүлікті қылмыскердің иеленген-иеленбегендігіне қарамастан, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зорлыққа ұласқан шабуыл жасаған кезеңнен бастап қылмыс аяқталған болып саналады.

Ұрлықтың ауырлататын белгілері ретінде заң мыналарды таниды:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға, не қоймаға заңсыз кіруді.

Сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылықтың, ерекше құнды заттарды заңсыз айналымға түсірудің ауырлататын белгілері ретінде:

1) ұйымдасқан топ жасаған болса (175 б. 3 б., 176 б. 3 б., 177 б. 3 б., 178 б.3 б., 179 б.3 б., 180 б.2б.);

2) ірі мөлшерде (175 б. 3 б., 176 б. 3 б., 177 б. 3 б., 178 б.3б., 179б.3б.);

3) қызмет бабын пайдаланған әрекеттер (176 б.2б.в.т., 177 б. 3 б. 2б.в.т.);

4) мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адам, не оған теңестірілген адам жасаған, егер оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса (176 б. 3 б. г.т., 177 б. 3 б.г.т.).

Осы тарауда бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсумен байланысты мәселелерге жасалған талдау белгілі-бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Кез-келген формадағы бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу бөтен мүлікті заңсыз, өтеусіз алуды және оны айыптының немесе оның жақын адамдарының пайдасына айналдыруды білдіретін пайдақорлық қылмыс болып табылады [3].

Қолданыстағы заңнамада бөтеннің мүлкін

заңсыз айналымға түсу тек қана пайдакүнемдік мақсатпен жасалуы мүмкін деп шешілген. Сондықтан заң әдебиеттерінде кездесетін пайдакүнемдік мақсат бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің міндетті белгісі емес деген пайымдаулар пайдасыз болып табылады. Қылмыстық құқыққа сәйкес, пайдакүнемдік мақсат – бұл айыптының өзі немесе жақын адамдары үшін материалдық пайда табуға ұмтылуы. Сондықтан заң әдебиеттерінде кездесетін мүлік кез-келген өзге адамдардың пайдасына ұрлануы мүмкін деген пайымдаулар заңға қайшы болып келеді.

2008 жылы қабылданған заңдар бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу үшін қылмыстық жауапкершілік аясын ықшамдады. Қазақстан Республикасының 2008 ж. 17 шілдесіндегі Заңы мүлікті қайтадан ұсақ бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсуді қылмыстар қатарынан шегеріп тастады. Ұсақ бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу үшін жауапкершілік әкімшілік құқықтың әрекет ету аясына толықтай және бүтіндей жатқызылған. Сонымен бірге, заң шығарушылар бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің формаларын ғана емес, бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу ұсақ болып танылмайтын мүлікті алудың ерекше әдістерін де белгілеп, ұсақ бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің критерийлерін анық көрсеткен.

Қылмыстық құқық теориясы тұрғысынан заң шығарушылардың қорқытып алушылықты бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу нысандарына жатқызу туралы шешімі дау туғызбауы мүмкін емес. Өз мазмұны бойынша ол көпшілік мақұлдаған бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу ұғымынан өзгеше, сондықтан да оны меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстарға жатқызған жөн.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде біз мынадай тұжырымдарға тоқталдық:

1. Заң әдебиеттерінде пайдакүнемдік міндетті түрде мүліктік пайданы мақсат тұтуы тиісті емес деген пайымдаулар кездеседі. Пайдакүнемдік мақсат жымқырып отырған тұлғаға пайда әкелуі тиіс. Мұндай пайда мүліктік те, басқа да мүддеде болуы мүмкін. Осының негізінде бөтеннің мүлкін

заңсыз айналымға түсудің міндетті белгілерінен «пайдакүнемдікті» алып тастау туралы ұсыныстар енгізіледі. Алайда бүгінде мұндай пайымдаулар қажетсіз болып қалды. Олар заңға сәйкес емес. ҚК-тің алтыншы тарауының 175 бабында аталған ескертпесінде бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсуді – бұл бөтен мүлікті *пайдакүнемдік ниетпен және мақсатпен* заңсыз қайтарымыз алып қою немесе айналдыру деп анық айтылған.

2. Бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің – мүлікті өз қарамағына немесе өзгенің қарамағына алу немесе айналдыру – белгілері өзара тығыз байланысты және бір-бірін толықтырып отырады. «Мүлікті алу» және «айналдыру» түсініктерінің ұғым ретінде бір-бірінен мазмұны жағынан айырмашылықтары бар. Олар айыптының қалыптасқан әлеуметтік байланысты – меншік қатынастарын бұза отырып, басқа тұлғаның мүліктік аясынан материалдық құндылықтарды заңсыз алынуы болып есептелінді.

3. Қылмыстық құқық доктринасында бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсуге мүлікті өтеусіз алу, яғни оның құнын ақшамен немесе басқа жолмен тепе-тең қайтарусыз деген анықтама берілген. Алайда мағынасы күмәнсіз болғанымен де, өтеусіздік белгісі тегіс қамти алатын белгі болып табылмайтындығын баса айту керек, себебі іс жүзінде иеленушіге оның еркіне қайшы баға эквивалентін беру арқылы бөтен мүлікті иелену жағдайларын қарастырмайды. Сол себептен өтеусіздікпен қатар иеленушінің немесе мүліктің басқа да иеленушісінің субъективті құқығының бұзылу белгісін де ескеру қажет.

### Әдебиеттер

1. Зарипов З.С., Кабулов Р.К. Квалификация краж, грабежей, разбоев, совершенных путем проникновения в помещение или иное хранилище: Лекция. МВД СССР. – Ташкент, – 1991. – 110 с.
2. Алауханов Е.О. Пайдақорлық – зорлық қылмыстарының алдын алудың криминологиялық проблемалары: Автореф.заң.ғылым. докторы. – 2004. – 48 б.
3. Хабаров А.В. Преступления против собственности: уч. пособие. – Тюмень: Изд-во Тюм.гос. ун-та, 1999. – 115 с.

Г.М. Атаханова

Теоретические проблемы корыстно-насильственных преступлений по уголовному закону РК.

G. M. Atakhanova

In this article are examined the general [kriminologicheskaya] characteristic of crimes against the property and analysis and the estimation of state and tendencies of criminality, its causing factors.